



Автор: Байдилдина Алтын Мырзахметовна
Пән: Әдебиеттік оқу
Сынып: 2-сынып
Бөлім: Туған өлкем
Тақырып: М.Мақатаев Отан

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	2.1.1.1 шығарманың мазмұнын түсіну және қарапайым сұрақтарға жауап беру 2.1.5.1Тыңдалған материалға сүйеніп, ойын, идеясын, сезімін өз сөзімен жеткізе білу 2.2.1.1 Мәтінді дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу/ тізбектеп/ мәнерлеп оқу
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Автордың өмірі мен Отан туралы ақпарат алады. Көптеген оқушылар: Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыру, жауап беру. Кейбір оқушылар: Мәтіннің тақырыбын болжау.
Тілдік мақсаттар:	Диалог пен жазуға пайдалы сөз тіркестері: атамекен,алтын бесік Сұрақтар: - Неге Отанды Атамекен дейді? , - Автор Отанға деген сүйіспеншілігін қалай сипаттады?»
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар өлеңнің мазмұнын меңгереді. Өз ойларын ортаға сала алады.
Бағалау критерийлері:	1Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіреді 2. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады, жауап береді. 3. Мәтіннің тақырыбын болжайды.
Құндылықтарды дарыту:	Қадірлеу, құрметтеу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	Әдебиеттік оқу, музыка.
Бастапқы білім:	Тарау бойынша авторларды еске түсіру.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (4мин)	(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі 1. Ынтымақтастық атмосфера қалыптастыру: «Ертеңгілікшеңбер» Қайырлы күн, көздерім Ояныңдар ма? (қабағын сипайды) Қайырлы күн, құлақтарым Ояныңдар ма? (құлағын сипайды) Қайырлы күн, қолдарым Ояныңдар ма? (шапалақтайды) Қайырлы күн, аяқтарым Ояныңдар ма? (жерді тарсылдату) Қайырлы күн, мұғалім Мен ояндым! (күлімдеп, қол соғады) Сыныпты топқа бөлу: I топ: «Алтын бесік» II топ: «Атамекен» III топ: «Туған жер» IV топ: «Туған елім» 2.Ұй тапсырмасын тексеру (Ұ) «Сұрақты қағып ал» тәсілі • Балалар қандай мейрам өтті? • Елбасымыз кім? • Әдебиеттік оқудан қандай тарауды бастадық? • Қандай ақындардың шығармаларымен таныстық? •Қартқожаның туған жері мәтіні не туралы? • Қазақстанды тағы қалай атауға болады? Дескриптор: - Президент күнін атайды. - Елбасымызды айтады. - Ақындарды еске түсіреді. -Оқыған мәтнді еске түсіреді. Кері байланыс: ауызша мадақтау Жарайсыңдар!	слайд қима қағаздар
-------------------------	---	------------------------

Сабақтың ортасы (32мин)	(Ж) «Ашық-жабық» сұрақтар -Нені елестетеміз? - Қандай сипаттама бересің? - Бәрін бір сөзбен қалай айтуға болады? Сабақтың мақсатымен таныстыру • Бүгін осы мақсатқа жұмыс жасаймыз. • М. Мақатаевтың өмірімен, отбасымен таныстыру. (Ж)«Аялдамамен оқу» әдісі Оқулықпен жұмыс -Тізбектеп өлең оқу Өлеңді сұрақтар арқылы талдау. - Өлең не туралы? - Ақын осы өлең арқылы не айтқысы келді? - Аудио тыңдап мәнерлеп оқуға жаттығу Дәптерден кесте толтыру. - Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармасы туралы кесте. (МК,Ж) «Карточкадағы терминдер» әдісі -Сөздіктермен жұмыс жасау -Мәтін бойынша сұрақ құрастыру Дескриптор: -өлеңді тізбектеп оқиды. -Сұрақтарға жауап береді. -Аудиодан тыңдау арқылы мәнерлеп оқуға дағдыланады. - Дәптермен жұмыс жасайды. МК сөздіктерді түсіндіреді, сұрақ қояды. -Мәтін бойынша сұрақтар құрастырады. Кері байланыс: «Бас бармақ» тәсілі Сергіту сәті «Ауылға саяхат» (Т) I топ:Тұжырымдамалық карта толтырады Сұрақтар себептер Отан, Отан, Бәрінен биік екен, Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем... Себебі..... II топ: «Жалғасын тап» әдісі Өлеңдерге сүйеніп, көркемсөздерді тап аспан Қауызын ашқан Қол жетпес аңсар өзен III топ: Венн диаграммасымен жұмыс Тапсырма: Жақан Смақов пен Мұқағали Мақатаевтың өлеңін салыстыр. IV топ: Синквейн әдісі / Отан/ Бес жолды өлең жазу . Дескриптор: -сөздің себебінжазады -сөздердің жалғасын жазады -венн диаграммасын құрайды -бес жол өлең құрайды. Кері байланыс: «Бағдаршам» (қызыл-түсінбедім, сары-орташа, жасыл-бәрі түсінікті.)	портрет оқулық слайд кесте толтыру
Сабақтың соңы (3мин)	Рефлексия: «Оқырман пікірі» -маған ұнаған жолдар? -өлеңдегі ең маңызды не? -өлеңдегі өсиеттің қайсысы өз бойыңда бар деп ойлайсың? -келіспейтін тұсың бар ма?	түрлі- түсті стикерлер
Рефлексия (1мин)	Үйге тапсырма: Мұқағали Мақатаевтың «Отан туралы» өлеңін жаттау. Отан туралы эссе жазу	күнделік ,қалам